

"Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 372 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 275 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 9 сәуірде № 18484 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 372 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11141 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) есебіңізді басқару мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап тексеру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау Жалпы ережелер";

2- тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2- тарау. Тексеру жүргізу";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Техникалық қарап тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшағасәйкес нысан бойынша көлік құралдарын қарап тексеру актісі ресімделеді, оған жылдық техникалық қарап тексеруге бақылауды жүзеге асыратын әскери полиция органының лауазымды адамы және комиссия мүшелері қол қояды. Қарап тексеру актісі үш данада жасалады, оның бір данасы көлік құралы иесінің өкіліне беріледі";

3-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы (Р.Ф.Жақсылықов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы генерал-лейтенант Р.Ф. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі полиция генерал-майоры*

Е. Тургумбаев

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2019 жылғы 5 сәуірдегі
№ 275 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ұланының әскери
полиция органдарында тіркелген
механикалық көлік құралдарына
және олардың тіркемелеріне
міндетті техникалық қарап
тексеру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Көлік құралдарын техникалық қарап тексеру актісі

20 __ ж. " __ " _____

Мен, _____

— (лауазымы, атағы, Т.А.Ә.(егер болса))

комиссия мүшелерінің қатысуымен:

Ұлттық ұланның әскери полиция органдарында тіркелген,

(әскери бөлім, ұйым, мекеме, бағыныстылық)

теңгерімінде тұрған көлік құралдарына (бұдан әрі - КҚ) техникалық қарап тексеру жүргіздім.

Техникалық қарап тексеру кезінде мыналар анықталды:

КҚ техникалық қарап тексеруге _____ бірлік ұсынылды

Р/с №	КҚ типі	Маркасы (моделі)	МТНБ	Шығарылған жылы	Реттік нөмірлері			К Қ техникалық жай-күйі туралы қорытынды	Т Қ өткендігі туралы қорытынды	Ескертпе
					Қозғалтқыш	Шанақ	Шынақ, шасси			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

_____ бірлік техникалық қарап тексеруден өтті.

_____ бірлік техникалық қарап тексеруден өтпеді.

соның ішінде мынадай себептер бойынша:

Тежегіш жүйесінің ақаулығы _____ бірлік;

Рульдік басқарудың ақаулығы _____ бірлік;

Сыртқы жарықа аспаптарының ақаулығы _____ бірлік;

Шиналар протекторының тозуы _____ бірлік;

Шанақ пен кабинаның қанағаттанарықсыз жай-күйі _____ бірлік;

Тораптар мен агрегаттардың техникалық ақаулығы _____ бірлік;

Талаптарын бұзу _____ бірлік;

Өзге де себептер _____ бірлік

Р/с №	КҚ типі	Маркасы (моделі)	МТНБ	Шығарылған жылы	Реттік нөмірлері			КҚ ТҚТ-ға ұсынбау себептері	Ескертпе
					Қозғалтқыш	Шанақ	Шынақ, шасси		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Техникалық қарап тексеруге ұсынылмаған көлік құралдарының барлығы

_____ бірлік

оның ішінде мынадай себептер бойынша:

ағымдағы жөндеуде немесе оны күтуде _____ бірлік;

күрделі жөндеуде _____ бірлік;

бөлшектеуде _____ бірлік;

сақтауда болу _____ бірлік;

іссапарда _____ бірлік;

басқа да себептер _____ бірлік.

Ұлттық ұланның әскери полиция бастығы (офицері)

_____ (әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса))

Комиссия мүшелері (лауазымы, әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса)):

Әскери бөлімнің командирі _____
(әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса))

М.О.

Көлікті пайдалану үшін жауапты адам

(лауазымы, әскери атағы, қолы, Т.А.Ә.(егер болса))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК